

**ISSN: 1814 - 6961**  
**E-ISSN: 2788-9718**

# **ОТАН ТАРИХЫ**

## **ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ**

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал**  
**2021, № 4 (96)**

**4 /2021**

**Бас редактор**  
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

**Редакциялық алқа**

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).*

*Аязан Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).*

*Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).*

*Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)*

*Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).*

*Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).*

**Жауапты редактор**

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

**Ғылыми редактор**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Жауапты хатшы**

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

**Техникалық хатшы**

Зикирбаева Венера Серікқызы

**Главный редактор**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия**

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Ажигали Серик Ескендинович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)*

*Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)*

*Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)*

*Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)*

*Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)*

**Ответственный редактор**

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

**Научный редактор**

Козыбаева Махаббат Маликовна

**Ответственный секретарь**

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

**Технический секретарь**

Зикирбаева Венера Сериковна

**Chief editor**  
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

**Members of editorial board**

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)*

*Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)*

*Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)*

*Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)*

*Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

*Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)*

*Mukhtar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)*

*Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)*

*Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)*

**Executive Editor**

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

**Executive Secretary**

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

**Scientific Editor**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Technical secretary**

Zikirbayeva Venera Serikovna

**Редакцияның мекен-жайы:**

050100, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: [Otanhistory@gmail.com](mailto:Otanhistory@gmail.com)

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

cadet corps. History sketch]. Monografiya. M.: İzdatelskii dom Akademii Estestvoznaniya, 2016. 174 s. [In Russian]

Nasionalnyi arhiv Tatarskoi Respubliki. Pisma N.İ. Ilminskomu ot korrespondetov, familii kotorykh nachinatsya na «K» 1865-1891 [National Archives of the Tatar Republic. Letters to N.I. Ilminsky from correspondents whose surnames begin with “K” 1865-1891]. F. 968, op. 1, d. 117, l. 95-96. [In Russian]

Orenburgskaya eparhialnye vedomosti [Orenburg diocesan bulletin], 1903, №17. [In Russian]

Orenburgskii A.V. Neplevskii kadetskii korpus, kak pervoe uchebnoe zavedenie v istorii russkogo obrazovaniya kirgizov [Orenburg Neplyuevsky cadet corps, as the first educational institution in the history of Russian education of the Kyrgyz]. Orenburg, Tipolitografiya N.N. Zharinova, 1896g. [In Russian].

Polozhenie ob upravlenii Orenburgskimi kirgizami [Regulations on the management of the Orenburg Kyrgyz]. Sankt-Peterburg, Tipografiya Zhurnal de Saint-Peterbourg, 1844 g. [In Russian]

Sultan Mendali Piraliev. İz Zauralskoi stepi [From the Trans-Ural Steppe] // «Den», 1862, №28. [In Russian].

Troiskii zhitel. Otkrytie kirgizskoi shkoly v Troiske [Opening of the Kyrgyz school in Troitsk] // Gazeta «Severnaya pchela», №242 [In Russian].

Vasilev A.V. İstoricheskiy ocherk russkogo obrazovaniya v Turgaiskoi oblasti i sovremennoe ego sostoyanie [Historical sketch of Russian education in the Turgai region and its current state.]. İzdanie Turgaiskogo oblastnogo statisticheskogo komiteta. Orenburg, Tipolitografiya N.N. Zharinova, 1896 g. [In Russian]

Vasilii Vasilevich Grigorev po ego pismam i trudam (1816-1881) [Vasily Vasilievich Grigoriev based on his letters and works (1816-1881)]. Sostavitel N.İ. Veselovskii. İzdanie İmperatorskogo russkogo arheologicheskogo obestva. S.-Peterburg, Tipografiya i hromolitografiya A. Transhelya, Stremyannaya, №12, 1887 g. [In Russian]

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961\_2021\_4\_16

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР) ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Нартбаев Ш.Ж.<sup>1</sup>, Қабыл А.Ә.<sup>1</sup>, Мамраймов С.Д.<sup>2\*ID</sup>**

<sup>1</sup>Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан

<sup>2\*</sup>«Мирас» университеті, Шымкент, Қазақстан

\*Автор корреспондент

E-mail: algabek-kabil@mail.ru (Қабыл), s\_dauletuly@mail.ru (Мамраймов)

**Түйіндеме.** Тәуелсіздікке жетуіміз тарих беттерін жаңадан зерттеуге және біздің мемлекетіміздің өткенін жан-жақты бағалауға кең мүмкіндік берді. Қазақ мемлекеттілігінің дамуындағы тәуелсіздік, әлеуметтік-экономикалық саяси және рухани прогресс үшін болған тұтас үдеріс ретіндегі халық қозғалысының ұлт-азаттық қозғалысының үлкен тарихи маңызы көпшілікке мәлім. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының жоғарғы оқу орындарында, колледждер мен мектептерде оқыту мен оқу процесінің ерекшеліктерімен тығыз байланыста зерттелуіне үлкен көңіл бөлінуге тиіс. Сондықтан, мақалада ұлт-азаттық қозғалыс тақырыбы терең зерттелуді, оның тарихнамасы мен әдіснамасы сапалы деңгейде жетілдіруді қажет екені зерделенген.

**Кілт сөздер:** Қазақстан тарихы, қазақтар, оқулық, оқу үдерісі, оқыту, Ресей империясы, тәуелсіздік, ұлт-азаттық қозғалыс, халықтық көтерілістер.

MPHTI 03.20.00

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ И ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ ДВИЖЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ (XVIII-XIX ВВ.)

**Нартбаев Ш.Ж.<sup>1</sup>, Қабыл А.А.<sup>1</sup>, Мамраймов С.Д.<sup>2\*ID</sup>**

<sup>1</sup>Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова, Шымкент, Казахстан

<sup>2\*</sup> Университет «Мирас», Шымкент, Казахстан

\*Автор корреспондент

E-mail: algabek-kabil@mail.ru (Қабыл), s\_dauletuly@mail.ru (Мамраймов)

**Аннотация.** Независимость дала широкую возможность нам по-новому изучить страницы истории и дать объективную оценку прошлого нашего государства. Общеизвестно большое историческое значение национально-освободительного движения как цельного процесса народного движения к независимости, социально-экономическому, политическому и духовному прогрессу в развитии казахской государственности. Большое внимание должно уделяться исследованию национально-освободительного движения казахского народа в тесной связи с особенностями процесса преподавания и обучения по данной тематике в вузах, колледжах и школах. Поэтому в статье утверждается, что тема национально-освободительного движения требует глубокого исследования, усовершенствования методологии и историографии на качественно высоком уровне.

**Ключевые слова.** История Казахстана, казахи, народные восстания, национально-освободительное движение, независимость, обучение, Российская империя, учебник, учебный процесс.

IRSTI 03.20.00

## ACTUAL PROBLEMS OF STUDYING AND TEACHING THE HISTORY OF NATIONAL LIBERATION MOVEMENTS IN KAZAKHSTAN (XVIII-XIX CENTURIES)

Nartbayev Sh.Zh.<sup>1</sup>, Kabyly A.A.<sup>2</sup>, Mamraimov S.D.<sup>3\*</sup>

<sup>1</sup>Peoples' Friendship University named after Academician A. Kuatbekov, Shymkent, Kazakhstan

<sup>2\*</sup>«Miras» University, Shymkent, Kazakhstan

\*Author correspondent

E-mail: algabek-kabil@mail.ru (Kabyly), s\_dauletuly@mail.ru (Mamraimov)

**Abstract.** It is well known that the great historical significance of the national liberation movement is an integral process of the people's movement towards independence, socio-economic, political and spiritual progress in the development of Kazakh statehood. Independence has given us a wide opportunity to study the pages of history and give an objective assessment of the past of our state. Much attention should be paid to the study of the national liberation movement of the Kazakh people in close connection with the features of the process of teaching and learning of this subject in universities, colleges and schools. Therefore, the article argues that the theme of the national liberation movement requires in-depth research, improvement of methodology and historiography at a qualitatively high level.

**Keys words.** History of kazakhstan, the kazakhs, independence, folk's uprising's, national-liberetion movements, studingprocess, russian empire, textbook, training.

**Кіріспе.** Тарихты оқыту - күрделі үрдіс, оқытудың мақсатын анықтау, білім мазмұнын іріктеу, білімді оқытып-үйрету және оны меңгеруге басшылық жасау, оқушылардың білім алуы мен оқытудың нәтижесі сияқты өзара байланысты құрамдас бөлімдерден құралады. Оқыту үрдісі үнемі қозғалыста болады, яғни даму үстінде болып туындаған қайшылықтарды шешу арқылы жетіледі. Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке ие болғаннан бастап төл тарихын оқытуға ерекше назар аударып келеді. Оның ішінде қазақ жерінде XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы туралы көлемді зерттеу еңбектері жазылды, жаңа көзқарастағы пікірлер мен деректі құжат материалдары ғылыми айналымға қосылуда. Тарихшы ғалымдардың теориялық-әдістемелік және әдіснамалық негіздегі толымды еңбектері көпшілікке ұсынылып жүргені белгілі. Дегенмен, ұлт-азаттық көтерілісті зерттеу тарихы мен тарихнамасындағы осы күнге дейін өзінің толық, тіпті зерттелмей жатқан үлкен ғылыми және білім беру саласы үшін маңызы зор мәселе - ол осы тақырыпта жазылған еңбектердің, жалпы осы тақырыптың күнделікті оқу үдерісімен байланысы мен оқыту кезіндегі ерекшеліктері. Бұл арнайы талдауды қажет ететін үлкен мәселе.

Отандық тарихтағы жан-жақты зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелер мен «ақтандақтардың» бірі - халықтың тәуелсіздік жолындағы күрес тарихы. Ұлт-азаттық қозғалыстар мен қаһармандық ерлік үлгісін көрсеткен батыр, хандарымыз Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еңбектерінде ерекше атап көрсетілді. Ол туралы автор «Тәуелсіздік белестері» кітабында: «Халықтың тәуелсіздік жолындағы күресін бастаған Сырым Датов, Жоламан Тіленшіұлы, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов сынды талай-талай көсемдер мен батырлардың айрықша ардақты аттары дәл сол жылдарда елдігіміздің тарихына мәңгі бақи жазылды» дей келіп, «XIX ғасырдың екінші жартысында Кенесары Қасымовтың, басқа да қазақ сұлтандары мен батырларының отаршылдыққа жан аямай қарсыласқаны арқасында Ресей империясының Орталық Азияға қарай жылжуы едәуір кешеуілдеді», - деп баяндайды (Назарбаев, 2003). Ал ұлттық тарихқа стратегиялық тұрғыдағы өзінің көзқарасын білдірген «Тарих толқынында»

еңбегіндегі тарихтың шеңберлері және ұлттық зерде атты тарауында «XIX ғасырдың ортасында ұлттың рухани өмірінде бұрын білінбеген, жаңа бір нышандар пайда бола бастады. Қазақ руханиятының өзін-өзі туындатқан осынау күнделікті тыныс-тіршілігі ауық-ауық өзінің тұтастығын, өзінің дүниетанымы мен ұлттық дүние бейнесін қару алып, қорғау қажеттігімен алмасып отырады. Мұның өзі көбінесе рухани талаптан гөрі саяси себептерге негізделеді», - деп жазды (Назарбаев, 2003).

XIX ғасырдағы қазақ жерінде болған ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы тұтас үдеріс ретінде үлкен рөл атқарады. Халықтық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани қайшылықтардың түйіні болып табылатын ұлт-азаттық қозғалыстардың мазмұны терең. Қазіргі тәуелсіздіктің тұғырын нығайту жолында өткен тарихымызға, оның ішінде ұлтымыздың ұлт-азаттық күресіне қайта-қайта назар аударып жүргеніміз жөн. Ал ол ұлт-азаттық күрес тарихымыз шынайы болуы тиіс. Сондықтан бүгінгі күні ұлтымыздың ұлт-азаттық күрес тарихы өзекті болып отыр. Бұл жайында көптеген еңбек жазылды, әлденеше ғылыми зерттеулер жүргізілді. Тәуелсіздік жағдайында да әртүрлі кітаптар жарық көрді. Дегенмен бірқатар күрделі мәселелер әлі анықтауды қажет етеді. Академик М.Қ. Қозыбаев «Ұлт-азаттық қозғалысының белестері» атты еңбегінде «Методологиялық маңызы бар мәселенің бірі «ұлт-азаттық қозғалысы», «Отан соғысы», «ұлт-азаттық революциясы», «демократиялық қозғалыс» сияқты ұғымдар, олардың ішкі мазмұны. Ұлт-азаттық қозғалысы отар елдерге тән, ал елде ұлттық езгі барша халықты қанайды, сондықтан да ұлттың әртүрлі әлеуметтік топтарының мүддесі бір ұлттық арнаға құйылады. Ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаты ұлтты өзгеден азат ету, оның ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеттілігін, дербестігін қалпына келтіру» дей келіп: «Біз, Қазақстан тарихшылары, осы кезге дейін ұлт-азаттық қозғалысын біріншіден жеке-жеке қарап келдік. Ал шын мәнінде Исатай мен Махамбеттің (1836-1837), Кенесарының (1837-1847) Жанғожаның (1856-1857), Есеттің (1855-1858) көтерілісі Атырауды, Арқаны, Сыр бойын, Қазақ елін тұтас қамтып, бірі бастаса, екіншісі жалғап жатқан жоқ па? Ал осы қозғалыстардың өзара байланысы, негізгі арқауы, шешуші мотиві бір емес деп кім айта алады. Екінші жағынан алсақ, қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалысы сонау Алжирдегі, Польшадағы, Қытайдағы, Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыстарымен астарлас, мұндас, сырлас. Қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыс әлемдік ұлт-азаттық қозғалысының, дүниежүзілік отарлық жүйеге қарсы күрестің құрамды бөлігі. Бұл да бір методологиялық тұғырдан мөлшерлер мәселе», - деп атап өтеді (Қозыбаев, 2013: 281). Бүгінгі күні біздің елімізде қазақтардың тәуелсіздік үшін болған күрестері мен отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын зерттеудің елеулі дәлелдік базасы мен тарихнамалық ғылыми дәстүр қалыптасқанын айтуға болады (Мажитов: 2013: 132).

**Зерттеулер мен әдістер.** Тарихқа қоғамды тәрбиелеудің құралы ретінде қараған жөн. Бұрынғы қоғамдық өмірді зерттеу, оқушыға тәжірибелік мысалдың негізінде қоғамның не екенін түсінуге мүмкіндік береді; оқушыға қазіргі уақытта көрсетуге ыңғайсыз болатын, әр түрлі дәстүрлерді және мекемелерді, ең басты әлеуметтік құбылыстарды игеруге мүмкіндік береді; ол оған әр түрлі дәстүрлерді салыстыру арқылы, сол дәстүрлердің қасиетін, көптүрлілігін және де ұқсастығын түсінуге мүмкіндік береді.

Тарихи ғылымда қазақтардың ұлт-азаттық күресі тарихын зерттеумен тең келетін тақырып жоқ (Қазақ көтерілістері, 2014). Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық соғыстардың тарихына объективті баға беруге, қайтадан ой елегінен өткізуге мүмкіндік туды. Өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешуі үшін жүргізілген ұлт-азаттық қозғалыстың мақсаты – өзінің алдындағы заңсыз құрылған мемлекеттен біржолата қол үзіп ұлттық мемлекетті құруға немесе қалпына келтіруге бағытталады. Бұл қажеттілік жерін күшпен қаратқан биліктің отаршылық сипатынан туындайды. Ал қозғалыстың стратегиясы мен әрекет ету жолдары қарсыласудың сипатынан бастау алады. Бұл қарсыласу өзінен әлдеқайда мықты, барлық ресми құралдары қолында болған отарлаушы мемлекетке қарсы бағытталғандықтан, кейінгісінің бар амал-шарғысы дұшпанымен бетпе-бет келуден бас тарту болып табылады. Сондықтан ұлт-азаттық қозғалыс алғашқы кезеңінде отарлаушы мемлекетті барынша әлсіретіп, жағдайын тұрақсыздандырып барып, соңында біржолата жеңіске жету үшін, соғыстың классикалық түріне немесе халық көтерілісіне жүгінеді (Карибаев, Болысбаев, 2016: 3).

Халқымыздың тәуелсіздік жолындағы азаттық күресінің тарихын зерттеуді тереңдету, оның методологиясы мен тарихнамасы мәселелеріне жоғары деңгейде көңіл аудару өзекті болып қала бермек. Бұл салада пайдаланатын дәстүрлі зерттеу әдістері мен қатар жаңа пәнаралық әдістерді еңгізу күн тәртібінде тұрған үлкен және өзекті мәселе.

Пәнаралық әдіс тұрғысынан қарағанда ұлт-азаттық қозғалыс әртүрлі формада болуы мүмкін, атап айтсақ олар:

- ұлттық егемендіктің (ұлттық теңдік) экономикалық және саяси негіздерін құру мақсатындағы парламенттік (заңнамалық) қызметі;
- халықтың білім беру деңгейін арттыруға бағытталған мәдени және білім беру іс-шаралар;
- азаматтық бағынбаудың зорлықсыз іс-шаралары;

- қарулы күрес (<http://ru.history.wikia.com/wiki/>).

Негізгі мақсаты халықты отаршылдық езгісінен азат ету, оның ұлттық мүдделерін қорғайтын тәуелсіздігі мен мемлекеттілігін қалпына келтіру болып табылатын ұлт-азаттық қозғалыстар көп қырлы құбылыс.

Ұлт-азаттық күрестердің негізгі факторлары және тарихи ретроспективтерін талдау бойынша біздің еліміздің тәуелсіздік алғанға дейін азаттық күрестердің көбінесе саяси феномен ретінде қарастырылғанын байқатады. Ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайту контексінде үлкен орын алатын оның әлеуметтік және нақты-тарихи аспектілері идеологиялық әсерге ұшырады. Олардың мазмұны идеологиялық контекст болып есептелді. Сонымен бірге, ұлт-азаттық қозғалыстарды зерттеудің ғылыми өрісінен шынайы тарихтың жалпы көрінісі түрінде оның қарама-қарсылығы мен қайшылықтары, қиындықтары мен жетістіктері, сондай-ақ ұлттық ерекшеліктері бар ақпараттың үлкен қабаты алынып тасталды.

«Ұлт-азаттық қозғалыс» ұғымы: ғылыми-әдістемелік талдау. «Тәуелсіздік үшін күрес» туралы айтқанда көпшілік шын мәнінде Ресей империясынан «тәуелсіздік үшін болған халық-азаттық күрес» деп ұғынады. Бұл жерде тәуелсіз мемлекетті сақтау үшін болатын күрес үрдісі – бұл тарихи замана мен кеңістікте әлдеқайда кең ұғым екені тыс қалуы мүмкін. XVIII – XIX ғасырлардағы тәуелсіздік үшін болған күрес туралы сөз қозғалғанда оның метрополия ретіндегі объективті статусын ешкім жоққа шығармайтын, барлығын тек Ресей империясына ғана қарсылық болғанын келтіре беруге болмайды. Он сегізінші ғасыр қазақтардың жоңғарлармен тәуелсіздік үшін болған күресімен басталады.

Жоғарыда атап өткеніміздей Қазақстандағы XVIII – XX ғасырдың соңындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы ең бастапқы өзінің пайда болуынан бастап бүгінгі күнге дейін ғылыми қаламның тақырыбы болып күн тәртібінен түспей келеді. Алғаш рет өзінің «Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында» атты еңбегінде қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын зерттеу тарихының теориялық аспектілеріне сипаттама берген профессор Е.Б. Бекмаханов болды (Бекмаханов, 1992). Әйгілі ғалым тұңғыш рет Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстарды зерттеуде қызығушылық тудыратын бірқатар зерттеудің аясын анықтады.

Посткеңестік тәуелсіз мемлекеттердің дамуындағы заманауи қазіргі кезең өз халықтарының тарихи сана-сезімін өзгертуді көрсетіп отыр. Бұл еркін ерік-жігер мен саяси бостандыққа ие болудың арқасында жүзеге асады. Қазіргі заманғы әлеуметтік және саяси тарихтың өзекті мәселелерінің бірі мемлекеттік тәуелсіздіктің қалыптасуы мен даму үдерісін танудың теориялық және әдіснамалық мәселелері, сондай-ақ Қазақстанның әлеуметтік-саяси жүйесінің эволюциясы болып табылады. Зерттеу үдерісінде арнайы ғылыми көзқарасты талап ететін маңызды бір осы мәселе отаршылдық дәуіріндегі азаттық қозғалыстарының тарихы. Әдебиеттерде әдетте, оларды «ұлт-азаттық қозғалыстар» деп атау қабылданған. Сонымен қатар қоғамтанушылар мен тарихшылар «ұлт-азаттық», «халық-азаттық қозғалыстар», «наразылық қозғалыстар», «көтеріліс», «шаруалар соғысы», «төңкеріс» және т.б. түсініктер жөнінде ашық талқылаулар жүргізе бермейді.

Қазіргі заманғы тарихи және тарихнамалық ақпарат нарығында азаттық қозғалыстар тарихы бойынша мифологиялық жағдаяттардың генерациясына ықпал ететін бірқатар кемшіліктер кешені байқалып жатады. Бұл жағдайдың себептері зерттеушілерге кеңес дәуірінің қалыптасқан стереотиптері мен стандарттарының әлі күнге дейін әсер етуіне байланысты болып отыр. Бұл жерде Қазақстандағы халық-азаттық қозғалыс мәселелерін зерттеуді өзектілендіру, кемшіліктер мен деформациялар туралы болғандықтан бар парадигмалардың кейбірін айтып өтейік.

Бірінші. Бұрынғы кеңестік кезеңге дейінгі сияқты кеңестік тарихнама да теріс бағалық шкаланың өсуіне ықпал еткені жасырын емес. Керісінше пропорционалды түрде осы үрдісте тарихты шынайы патриоттық тұрғыдан жазудың шкаласы төмендеді. Тарихшылар өткеннің оң қасиеттерін табудың орнына оның теріс әсерлерін іздеуге көбірек айналысты. Сонымен қатар, отаршылдық кезеңдегі азаттық қозғалыстар тарихын зерттеуде кеңестік кезеңдегі теріс үдерістер негізінде зерттеушілерде қорқыныш синдромы пайда болды, ресми режим идеологиясының нысанасы мен қоғамның аутсайдері болуға қорқыныш ұялатты.

Екінші. Ұлттық тарихнама империялық және тоталитарлық режимдердің екпінді қысымы арқылы тізеге салынды. Мұны қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарының тарихы туралы жазылған, дәлірек айтқанда дайын тараулар мен бөлімдердің үлгілері бойынша қайта жазылған оқулықтар дәлелдейді. Отаршылдық дәуіріндегі барлық белгілі көтерілістер оларда бөлшектеніп, үзінді ретінде көрсетілген. Көбінде Қазақстандағы азаттық қозғалыстар тарихының хронологиялық шеңберін анықтаудағы келіспеушілік жағдай да зерттеуді күрделендіре түседі. Кейбір авторлар оны Кіші жүзді Ресейге қосып алынған 1731 жылдан, басқалары 1783-1897 жылдардағы Сырым Датұлының көтерілісінен бастайды. Бірқатар оқулықтарда наразылық қозғалысының әртүрлі кезеңдері қозғалыстың формалары болып, ал басқаларында күрес түрлері ретінде аталады және көрсетіледі. Осыдан әрбір кезеңдер аталуларында бірде «көтеріліс», бірде «халықтық қозғалыс», «соғыс», «төңкеріс» және т.б. болып түрліше беріліп жүр.



Үшінші. Іс жүзінде аталған мәселелер бойынша барлық зерттеулердің негізін кеңес дәуірінің стереотиптері құрайды. Жекелей алғанда сөз КСРО Ғылым Академиясының бастамасымен Орта Азияның одақтас республикалары мен Қазақстанның академияларымен бірлесіп өткізілген 1954 жылғы Ташкент сессиясы туралы болып отыр. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы бойынша бірлескен ғылыми сессия қазан төңкерісіне дейінгі кезеңге арналғаны белгілі. Ол Қазақстан мен Орта Азиядағы халық-азаттық қозғалыстың тарихын зерттегендердің бәріне міндетті болып ғылыми ізденіс саласын тереңдету ісінде оң нәтиже берді. Сонымен бірге тарихты баламалы зерттеудің және шындықты іздеудің жолын жауып тастады. Бұл Сессиядағы Қазақстанды Ресейге қосқан кезеңдегі қозғалыстар тарихын тұжырымдамалық түйсіну эволюциясы туралы пікірлер кейінірек аталған мәселені айқындауда стереотиптердің жасалуына алып келді.

Төртінші. Наразылық қозғалыстар тарихының теориясы мен әдістемесінің жасақталуының жоқтығы. Наразылық қозғалыстарының тарихы бойынша еңбектерді тарихнамалық түйсіну барысы бірүлгілік пен қайталанушылықты тудырады. Мысалы, Кенесары Қасымұлының халықтық соғысы бойынша тарихнамалық жұмыс Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлының көтерілісінің тарихнамасы тәсілінде жазылып бірегейлікке айналады. Бұл қазақ халқының тәуелсіздік үшін болған наразылық күресімен байланысты тарихи оқиғалардың әлеуметтік-мәдени көрінісін қалыптастыруға әкеледі.

Бесінші. Көрші елдердің осындай ұқсас еңбектерімен қазақстандық зерттеулер арасындағы азаттық қозғалыстарының тарихы бойынша салыстырмалы және коммуникативтік байланыстардың болмауы елеулі мәселе болып табылады. Бүгінгі таңда қазақтардың ұлт-азаттық қозғалыстарын зерттеудегі нақты базасы мен тарихнамалық дәстүрі оның басқа мемлекеттердің архив материалдарымен салыстырмалы талдау тұрғысынан өзінің теориялық қорытуын талап етеді. Сонымен бірге қазіргі кезеңдегі ұлттық тарихнама дамуының ерекшеліктерін де ескеру керек.

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ жерінде болған ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы тұтас үдеріс ретінде үлкен рөл атқарады. Халықтық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани қайшылықтардың түйіні болып табылатын ұлт-азаттық қозғалыстардың мазмұны терең. Қазіргі тәуелсіздіктің тұғырын нығайту жолында өткен тарихымызға, оның ішінде ұлтымыздың ұлт-азаттық күресіне қайта-қайта назар аударып жүтінгеніміз жөн. Ал ол ұлт-азаттық күрес тарихымыз шынайы болуы тиіс. Сондықтан бүгінгі күні ұлтымыздың ұлт-азаттық күрес тарихы өзекті болып отыр. Бұл жайында отандық ғалымдардың зерттеуі бойынша көптеген еңбек жазылды, әлденеше ғылыми зерттеулер жүргізілді (Мажитов, 2007).

Дегенмен, ұлт-азаттық көтерілісті зерттеу тарихы мен тарихнамасындағы осы күнге дейін өзінің толық, тіпті зерттелмей жатқан үлен ғылыми және білім беру саласы үшін маңызы зор мәселе – ол осы тақырыпта жазылған еңбектердің, жалпы осы тақараптың күнделікті оқу үдерісімен байланысы мен оқыту кезіндегі ерекшеліктері. Шын мәнінде, бұл салада арнайы зерттеулер жүргізілмеген, яғни ұлт-азаттық көтерілістің толық процесс ретінде бейнелейтін жағыдай жасалмағанын жоғарғы оқу орындарында, колледждер мен мектептерде беріліп жатқан дәрістер барысында байқауға толық мүмкіндік бар. Арине бұл арнайы талдауды қажет ететін үлкен мәселе. Дегенмен, аталған ұлт-азаттық көтерілістің ғылыми-оқыту кеңістігімен тығыз байланысты маңызды мәселелерін төменде көрсетуге талпыныс жасалды.

Шетелдік тарихнама тәжірибесі. Бүгінгі күні оқу процесіне арнайы еңгізуді және оқытуды талап ететін мәселенің бірі – Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістің шетелдік тарихнамасы. Біздің елімізде қазақтардың тәуелсіздік үшін болған күрестері мен отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын зерттеудің елеулі дәлелдік базасы мен тарихнамалық ғылыми дәстүр қалыптасқаны анық (Мажитов, 2013: 132). Сонымен қатар шетел зерттеушілері де бұл тақырыптарға үлкен назар аударып, ғылыми басым бағытта қарастырған.

АҚШ және Батыс Еуропа елдерінің қазіргі заманғы тарихнамасында Орта Азия мен Қазақстандағы патшалықтың отарлау саясатының әртүрлі аспектілеріне үлкен дәрежеде көңіл бөлінеді.

Қазақ халқының уақыт өте туындаған ұлт-азаттық қозғалыстар тақырыбы шетел тарихнамасында зерттеу пәні болып табылды. 1917 жылдың Қазан революциясына дейінгі тарихнамасы мәселелерінің қатарында айту қажеттілігі туралы мысалы, Есет Көтібарұлының басшылығымен болған көтеріліс деп аталып, Д. Бульджердің жұмысында көрсетілген (Есмағамбетов, 1992: 126). Кенесары Қасымұлының қозғалысы жөнінде Г. Крамер жазды. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының басшылықтарымен болған қозғалыстарға себеп болған әлеуметтік-экономикалық жағдайлар туралы М. Уйфальви, Х. Хэлл, Ю. Скайлер жазады. Сырым Датұлы бастаған көтеріліс туралы Дж. Уилер өз еңбегінде баяндайды. Батысгермандық тарихшы Э. Саркисянц оның 1773-1775 жылдардағы Шаруалар соғысына қатысқандығы жөнінде жазып, қазақтардың отарлық бұғауға қарсы күрестерінің үзіліссіздігін атап өтеді. Осы негізде ол Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының басшылықтарымен Бөкей Ордасында болған көтерілісті қарастырып өткен (Есмағамбетов, 1992: 127). Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс

туралы айта келіп, Э. Саркисянц: «Кенесары жағында бес орыс, көптеген башқұрттар, татарлар, каракалпақтар, өзбектер және қырғыздар күрес жүргізді... Кенесары кейін бүкіл Орта Азияда азаттық күрестің ту ұстаушысына айналды», - деп жазады. А. Беннигсен 1947 жылы профессор Ермұқан Бекмахановты қазақ ханы Кенесары Қасымұлын ұлттық батыр ретінде бейнелеген «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» еңбегі үшін Қаз КСР ҒА өзінің медалімен марапаттағанын, 1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде аталған кітаптың авторы, қазақ ғалымы Ермұқан Бекмахановты орыстарға қарсы ретінде буржуазиялық-ұлттық идеяны жарыққа шығарып, Кенесары Қасымұлының тұлғасын жоғарылатқаны үшін кінәлаған мақала жарияланғанын жазған (Есмагамбетов, 1992: 128).

1837-1847 жж. халық-азаттық қозғалысы мен Кенесары Қасымұлының жеке тұлғасына арналған маңызды еңбектердің бірі деп «Центральная Азия. Век русского господства» (Нью-Йорк, Лондон, 1967) атты ұжымдық монографияны айтуға болады. Бұл мәселеге Хелен доц. Анкос үлкен көңіл бөліп, Кенесары Қасымовты көреген саясаткер, ал оның басшылығымен болған қозғалысты - отарлауға қарсы деп санады. Ғалымның пікірінше Кенесары егемендік алу мен қазақ халқын Ресейдің отаршылдық қамытынан босатуға ұмтылды. Ол уақыт шеңберін 1836-1846 жылдар деп анықтады. Хелен доц. Анкос және оның әріптестері үшін дереккөздер базасы «Түркістан өлкесінің материалдар жинағы» болып табылды. Қозғалыс талдауы, Кенесары Қасымовтың жеке тұлғасын зерттеу ізденушілерді біржақтылыққа әкеледі.

Кенесары Қасымовтың қозғалыстарына қызығушылық танытқан зерттеушілердің бірі американдық ғалым Марта Брилл Олкотт болды. Ол өзінің «Қазақтар» атты монографиясында көтерілісті «орыс өкіметіне қуатты сынақ» ретінде сипаттайды. М.Б. Олкотт 1837-1847 жж. ұлт-азаттық қозғалысты Қасым және оның әулетінің патшалықтың Ресейдің отарлаушы саясатына қарсы көп жылғы күресінің нәтижесі ретінде қарастырады. Кенесары Қасымовтың өзін М.Б. Олкотт «үлкен қайраткер және парасатты адам» деп санады. Сонымен бірге ол: «Бүгінгі күні көп қазақтар Кенесарыны алғашқы қазақ ұлтшыл ретінде есептейді», - деп жазады. Оның пікірінше Кенесары Қасымов өзінің атасы Абылайдың «өзін-өзі жариялаған мұрагері» ретінде оның орыстармен келісім жасауға және Қоқан ханының жаулап алу қатерін жою үшін қазақ халқын ұйымдастыра алатынын білдіреді. Ол Кенесарының көпшіліктің қолдауына жету мүмкіндігі бар екенін атап өтеді (Кусаинова, <https://articlekz.com/article/18062>).

XVIII - XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихына қызығушылық танытқан шетел зерттеушілерін атап айтар болсақ, ғалымдар мен олардың еңбектері – Э. Бекон «Центральная Азия под управлением России» (Нью-Йорк, 1966), Э. Олуорд «Центральная Азия: столетия русского правления» (Нью-Йорк, 1967), С. Беккер «Русский протекторат в Центральной Азии» (Лондон, 1968), В. Коларс «Россия и ее колонии» (Лондон, 1953), А. Курат «Царская Россия в Центральной Азии» (Кембридж, 1979) және т.б. (Кан, 2011: 10).

Жоғарыда аталған еңбектер мен зерттеулердің тәжірибелік маңызы өте зор. Олар арқылы оқыту барысында ұлт-азаттық көтерілістер тақырыбын кеңінен және жан-жақты бейнелуге мүмкіндік туады. Мысалы, кезінде кеңестік тарихнамада шетелдік тарихнама тек буржуазияшылық идеологиямен күрес тұғысынан қарастырылатын, яғни олардағы мәліметтер біржақты қарастарлатын. Қазақстандық тәуелсіз тарихнамасының үлкен жетістігі – шетелдік зерттеулер нәтижелерін сараптап қана қоймай, оларда қалыптасқан ғибратты ғылыми айналысқа енгізіп, кеңінен ғылыми тәжірибеде пайдалану. Ал бүгінгі таңда сол жетістіктерді оқыту мен оқу кеңістігіне енгізу – өзекті ғылыми мәселеге айналып отыр.

«Ұлт-азаттық қозғалыс» тақырыбы: оқыту мен оқу үрдістері үшін мазмұны мен мәні. Тарихты оқытуда жан-жақты білім беріп қана қоймай оқушыларды елжандылық қасиеттерді бойларына дарытып тәрбиелеуде маңызды орын алатыны белгілі. Оның ішінде XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын баяндай отырып, жас буын өкілдеріне ұлт - азаттық көтерілістердің отаршылдыққа қарсы сипаты және тарихи мәнін түсіндіру, күреске басшылық еткен тарихи қайраткерлер мен қатысқан тұлғаларға сараптама жасап, зерттеулік ізденіс жүргізуге бағдар беру, қозғалыс басшылары, көтерілістің барысы жөнінде кестелер мен тест әдісінің түрлерін қолдану, ұлт-азаттық қозғалыстың басшылары жөнінде кластер жасап көрсету, олардың ерлік істерін бағалау, бірге оқытындар арасында диалог жүргізу және т.б. жұмыс түрлерін жүзеге асырудың маңызы зор.

Академик Манаш Қозыбаев айтқандай: «Тарихты оқыту, тоқыту – үлкен проблема» (Қозыбаев, 2009: 378). Сол проблемалардың ішіндегі ең өзектісі, яғни оқу процесінің өзіне ғана емес, жалпы оқушылардың санасына қатты әсер ететін басты мәселе – киелі тәуелсіздік жолындағы бостандық пен егемендік үшін күрес тарихы. Ол болса кеңестік, яғни тәуелсіздік дәуіріне дейінгі кезеңде бұрмаланып, миф стереотиптеріне айналған болатын. Манаш Қабашұлы айтқандай: «Осындай мифтердің бірі, бірі болса да бірегейі – қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының статусын төмендетіп, қазақ сахарасында пролетариат қозғалысының статусын әсірелеу мифі. Ұлттық мүддені пролетариаттық-таптық мүддеге бағындыру ұлттың өзін-өзі билеу құқын шектеп, ұлттық

мемлекет құруды пролетариат диктатурасына табындыру, бір отралық мемлекеттен қуыршақ ұлттық республикаларды өрбітіп, жерін, байлығын, малын-жанын ортаға салып, өз үлесін өзі алу үшін жалындыру В.И. Лениннің, большевиктердің ұлт саясатының негізгі арқауы болды. Шын мәнінде, ұлт қозғалысы жұмысшы қозғалысы жоқ кезде Ресейге бодан болған күннен бастап туындады» (Қозыбаев, 2009: 379).

Аталған «пролетариаттық-таптық мүддеге бағындыру» әдісі кеңінен етек жайып, кеңестік дәуірдегі тарихнамада қатаң қағидаға айналып, ғылым мен білімнің дамуына үлкен нұқсан келтіргені ақиқат. Мұндай жағыдайдан Қазақстанның тәуелсіздік алған сәтінен бастап құтыла бастады. Ең алдымен ол оқулықтар бетінен көрініс таба бастады. Кезінде не бары 70 беттен аспайтын жұқа мұқабадағы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқулықтардың орнына егемен, тәуелсіз елдің 200-300 беттен тұратын оқулықтары дүниеге келді. 2000-жылдардың басында «жаңа буын» оқулықтары жазыла бастады. Солардың ішінде тәуелсіздік үшін болған күрес тақырыбы, яғни ұлт-азаттық қозғалыс тарихы өзіндік заңды орынын тапты. Сол жылдардағы мемлекеттік стандарт пен оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес «ұлт-азаттық қозғалыс» тақырыбы үш бағытта оқытылатын болды. Біріншісі, жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарында. Екіншісі, жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбында. Үшіншісі - жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбында.

Дегенмен, «ұлт-азаттық қозғалыс» дефинициясы бірден оқу үдерісіне еңбеді. Мысалы, профессор Жанұзақ Қасымбаев жазған «Қазақстан тарихы (XVIII ғ. – 1914 ж.)» жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулығында ұлт-азаттық қозғалыс тарихына арналған тақырып толық процесс ретінде көрсетілмей, жеке көтерілістер арқылы баяндалды. Учебник для 9 классов общеобразовательных школ» оқулығында «ұлт-азаттық қозғалыс» пайдаланылғанымен, ол отарлау үдерісіне қарсы болған қозғалыс ретінде бейнеленді (Қозыбаев, Нурпеис, Жукешев, 2005). Сондай-ақ, хронологиялық қағидаға сәйкес бейнеленуін талап еткеніне, яғни қажет болғанына қарамастан, жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардағы 10-шы сынып оқулықтарынан да бұл тақырып өз көрінісін таппады (Жолдасбаев, 2006).

Алғашқы рет ұлт-азаттық қозғалыс тақырыбы жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардағы 11-сынып оқулықтарында атала бастады. Қоғамдық-гуманитарлық бағытқа арналған 11-сынып оқулығында алғы сөзден кейін басталатын бірінші тарау «Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресі» деп аталып, оның бірінші тараушасы «Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың даму кезеңдері, ерекшеліктері, тарихы маңызы» деп жазылды (Қазақстан тарихы, 2007). Ал жаратылыстану-математика бағытына арналған 11-сынып оқулығында бірінші тараудың бірінші тараушасы «XVII-XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күрес» тақырыбынан басталады (Тұрлығұл, Жолдасбаев, Қожакеева, 2007).

Оқулықтар авторларының мұндай ұстанымдары, әрине, мемлекеттік білім беру бағдарламаларымен байланысты. Дегенмен, ғылыми тұрғыдан қарағанда мұндай мәселелер бірқатар пікірталас тудырады. Біріншісі – тәуелсіздік үшін болған ұлт-азаттық күрестің хронологиялық және мазмұндық шеңбері. Егер профессор Ж.Қ. Қасымбаев өз оқулықтарында қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресін дербес тақырып ретінде, яғни XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайымен байланыстырса, жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардағы 11-сынып оқулықтарының авторлары оны жалпы тәуелсіздік үшін болған күреске жатқызады. Бұл жалпы білім алған оқушылардың арасы мен санасында екі түрлі ұғым қалыптастыруы ықтимал. Екінші ірі мәселе – ұлт-азаттық күрес және ұлт-азаттық қозғалыс арасындағы байланыс, ерекшеліктер және олардың хронологиялық, яғни кезеңдеу шеңберлері. Ғылыми айналымдағы және оқыту үдерісінде пайдаланылатын әдебиеттер мен оқулықтарда ұлт-азаттық қозғалысты кезеңдеу мәселесіне байланысты әртүрлі пікірлер кездеседі. Жоғарыда көрсетілгендей, колледждер мен жалпы білім беру мектептеріндегі ақпаратпен жоғарғы оқу орындарындағы айтылатын мәліметтер сәйкес келмейді.

Ұлт-азаттық қозғалыстарды оқыту: ерекшеліктері және кезеңдеу проблемалары. Қазақстандық ғалымдар Т.Т. Тұрлығұл, С.Ж. Жолдасбаев, Л.Т. Қожакееваның пікірлерінше, Ресей империясының үстемдігіне қарсы қазақ халқының ең қуатты қозғалысы 1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлының көтерілісі. «Бұл оқиға өзінің сипаты, қозғаушы күштері, негізгі мақсаты жөнінен отаршылдыққа қарсы болған бұқаралық көтеріліс. Көтерілісшілердің сан жағынан артықшылығы, батылдығы кейде олардың жазалаушыларымен белдесіп күресуі үшін жеткіліксіз болды. Қазақстандағы көтерілістердің бір ерекшелігі, міне, осында» (Тұрлығұл, Жолдасбаев, Қожакеева, 2007: 21).

Ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаты – ұлтты отарлық езгіден азат ету, оның ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеттілігін, тәуелсіздігін қалпына келтіру. Ұлт-азаттық қозғалыс тек ұлтты азат етумен шектелмеуі мүмкін, шаруалардың жер үшін, халықтың демократиялық дамуы үшін болған қозғалысын да осыған қосуға болады. Демек, ұлт-азаттық қозғалыс көп қырлы.

Ал ұлт-азаттық көтеріліс - ұлт-азаттық қозғалыстың бір түрі, ол көп халық қатысқан қарулы түрі. Көбіне онша ұзақ болмайтын, белгілі бір нақты аймақты қамтитын бір оқиға аймақтық шеңберден шығып, қамтитын бүкілхалықтық дәрежеге көтерілсе, ол ұлт-азаттық қозғалыс, ұлт-азаттық революция дәрежесіне жетеді (Тұрлығұл, Жолдасбаев, Қожакеева, 2007: 21).

Қазақстан тарихшылары кейінгі уақытта бұған дейін жеке-жеке қарастырып келген ұлт-азаттық көтерілістер мен қозғалыстарды енді тұтас қарастыратын болды. Авторлар: «Шынында да, Ресей патша өкіметінің отаршылық саясатына қарсы алғашқы көтеріліс нышаны XVIII ғасырдың 70-жылдарына байқалса, сондай оқиғалар біріне-бірі жағаласып, бірі басыла бергенде, екіншісі басталып жатпады ма?», - деген пікірге келеді.

Академик М.Қ. Қозыбаев Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстарды төмендегідей кезеңдерге бөлген:

I кезең. Сібір жұртын жаулап алуға қарсы қазақ халқының құрамына кірген тайпалардың азаттық қозғалысы. Оны Ешім даласында Қөшім хан басқарды. Сібір халқы шапқыншыларға қарсы 1590-1617 жылдар арасында 30-дан астам қарсылық көрсетті. Қөшім хан мен оның балалары Ешім, Абылай, Дәутеркерей орыс мемлекетінің шапқыншыларымен ұзақ жыл арпалысты. Бүкіл түркі тілді қандас халықтар қазақ елінің сұлтаны Мұртазаның баласы Қөшімнің әулетін қолдап, қол ұшын берді.

II кезең. Қазақ елінің оңтүстігі – Жетісу, Сыр бойы жоңғарларға, Қоқан, Хиуа хандықтарына тәуелді болды. Ал XVIII ғасырдың бір сәтінде жоңғарлар Сарыарқаның бір бөлігі мен Алтай өңірін, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуды басып алып, халқын бодан етті. Жоңғарлармен соғыс Отан соғысына айналып, ұлт-азаттық қозғалыс үш жүзді одан әрі қабыстырды, біріктірді, бүкілхалықтық дәрежеге көтерді.

III кезең. Әбілқайыр ханның Кіші жүздің бір бөлігімен Ресей қол астына өтуінен басталды. Мұны өте тез әрі тиімді пайдаланған патша ғана емес неше түрлі қитұрқы саясатты да пайдаланды. Империяның құрығы қанша ұзын болса да, қазақ даласы тұзаққа тез түспеді. Қазақстанды жаулап алу ұзаққа созылды.

IV кезең. Қазақ даласы таланып, патша өкіметі мен оның қарулы күші – қазақтар жасағы хан, сұлтандармен бірігіп, зорлық-зомбылық мемлекеттік дәрежеде өрбіген кезде ұлт-азаттық қозғалыс та өрши түсті. Бұл кезеңде қазақ сахарасында отарлау саясатты толық қалыптасты. Бүкіл қазақ даласына патша өкіметі өз билігін үстем етті. Хандық билік жойылды. Ен далада жазалаушы отряд сайрандады. Халық тығырыққа тірелді, қазақ мемлекеттігінің соңғы буындары жойылды, шаруалар жерінен айырылып, құмды, шөлейт далаға ысырылды. Халық басына ауыр күн туды. Сырым Дәтүлы мен Исатай Тайманұлы көтерілістері осындай жағдайға байланысты шықты. Дауылпаз ақын, парасатты азамат, батыр тұлға Махамет Өтемісұлы осы кезеңдегі қозғалыстың ғажайып идеолог көсемі болды. Әлемдегі барша шаруалар көтересінде Махамбеттей дауылпаз ақын бейнесі тек мадьярлардың тарихында ғана кайталанды (Ш. Петефи).

V кезең. Хан Кене бастаған ұлт-азаттық қозғалыс лаулады. Он жылдан астам уақытқа созылған бұл қозғалыс үш жүздің басын қосып, Ресейге протекторат негізіне мемлекеттілігі мен аумақтық тұтастығын сақтауға бағытталды, оны халықтың көпшілігі қолдады. Жеңілгеніне қарамастан бұл Еуропаға даңқы жеткен ең ірі қозғалыстардың бірі еді.

VI кезең. XX ғасырдың басында ұлт-азаттық қозғалысын еуропалық бағытпен дамытпақ болған реформатор зиялы қауым бастады. Олар бүкілхалықтық мүддені алға қойды. Федеративті Ресейдің құрамына демократикалық автономия алуды көздеген Алаш елінің буржуазиялық демократия жолымен даму бағытын ұстады.

1916 жылы Қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыс революцияға ұласты, 1917 жылы Ресейде Ақап революциясы басталған сәтте оның құрамдас бөлігіне айналды. 1916 жылдың екінші жартысында отаршылдыққа қарсы наразылық Қазақ хандығының негізін қайта қалпына келтіруден көрінді. Қазақ даласында хандар сайланды, сардарбектер тағайындалы, әскер құрылды, хан кеңесі, қызалар алқасы, ел бектері, қазынашылар, басқаша айтқанда, билік жүйесі қалыптасты. Міне, осылай қазақ мемлекеттігінің құрамды белгілері қалпына келтірілді. Бұл – Ресейге бодан болғаннан бергі ең ірі қозғалыс. Халық қаһарына мініп, өз ерлігін көрсеткен 1916 жыл ұлт-азаттық қозғалысының ең жоғары шыңы болды.

VII кезең. Ұлт-азаттық қозғалыстар мен 1917 жылғы Ақпан революциясы және Қазан төңкерісі азаматтық қарама-қарсылықтар кезінде дамыды да, үлкен көтеріліске ұласты. Бұл күшпен ұжымдастыру 370-ден астам шаруалар қарсылығының женілісімен аяқталды... (Қозыбаев М.Қ., 1994, 22-27 бб.).

Ұлт-азаттық қозғалыстың теориясы мен әдіснамасын арнайы зерттеген профессор С.Ф. Мәжитов өз еңбектерінде оны «халық-азаттық қозғалыс» деп атайды. Кезеңдеу мәселесі бойынша сан-алуан ұстанымдар бар екендігіне көңіл аударып, С.Ф. Мәжитов халық-азаттық қозғалысты тұтас үдеріс ретінде қарастырып, оны төрт кезеңге бөлуді ұсынады. Жалпы халық-азаттық қозғалысты Ресей империясының құрамына енгеннен бастап, тәуелсіздікке дейінгі кезеңге дейін жалғасты дейді. Яғни

кеңестік дәуірге дейінгі қозғалысты бірінше этапқа жатқызып, кеңес дәуіріндегі қозғалысты кінші этапқа жатқызғанды жөн санайды (Мажитов, 2007).

Қазақстан тарихының аса маңызды мәселелеріне жататын ұлт-азаттық қозғалысты кезеңдеу бірізділікті талап етеді. Бұл орайда, зерттеудің осы бағыты бойынша мәселені толығынан түсінуге мүмкіндік беретін арнайы зерттеулер жүргізуді қажет етеді.

**Қорытынды.** Ұлт-азаттық күрестердің негізгі факторлары және тарихи ретроспективтерін талдау бойынша ғылыми зерттеулік жұмыстар өз жалғасын таба беретіні айқын. Қазақстандағы XVIII – XX ғасырдың соңындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы ең бастапқы өзінің пайда болуынан бастап бүгінгі күнге дейін ғылыми қаламның тақырыбы болып күн тәртібінен түспей келеді.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның тарихи ғылымының қазіргі жағдайында ұлттық бірлікті, Қазақстанның аумақтық тұтастығын және қазақ мемлекеттілігінің негіздерін сақтау мақсатында басталған қазақ халқының ұлттық-азаттық қозғалысы туралы зерттеуді дамытуға айтарлықтай мүмкіндік бар. Бұл бағытта сараптап, талдауын күтіп отырған мәселелер баршылық.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында (Оқу құралы). Алматы: «Санат», 1994.

Есмагамбетов К.Л. Что писали о нас на Западе? Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1992. 126 с.

Жолдасбаев С. Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. / Арнайы редакторы С.Ф. Мажитов. Алматы: «Мектеп», 2006. 192 б.

Жолдасбаев С. История Казахстана: Учебник для 10 классов естественно-математического направления общеобразовательных школ. / Специальный редактор С.Ф. Мажитов. Алматы: «Мектеп», 2006. 192 с.

Қазақ көтерілістері: Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө. Жақып. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. 279 б.

Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. / Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, т.б. / Арнайы редакторы С.Ф. Мажитов. Алматы: «Мектеп», 2006. 232 б.

Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. / М. Қойгелдиев, Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, т.б. / Арнайы редакторы С.Ф. Мажитов. Алматы: «Мектеп», 2007. 304 б.

Кан Г.В. История Казахстана: Учебник для 10 классов, 4-е изд., перераб. и доп. Алматы: «Алматы кітап», 2011. 312 с.

Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихы (XVIII ғ. – 1914 ж.): Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. / Арнайы редакторы С.Ф. Мажитов. Алматы: «Мектеп», 2004. 248 б.

Карибаев С.Ө., Болысбаев Д.С. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың өзекті мәселелері. Қазақстанның тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына арналған «Қазақ халқының Тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күрестері» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері. Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2016. 3 б.

Қозыбаев М., Нурпеис К., Жукешев К. История Казахстана (1914-2004 гг.): Учебник для 9 классов общеобразовательных школ. / Специальный редактор С.Ф. Мажитов. Алматы: «Мектеп», 2005. 240 с.

Қозыбаев М. Жауға шаптым, ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 192 б.

Қозыбаев Манаш. Киелі тәуелсіздік / Құрст. Ш.М. Қозыбаев. Алматы: Баспалар үйі, 2009. 448 б.

Қозыбаев Манаш. Шығармалары. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. Т.3. 281 б.

Кусаинова Ж.Д. Национально-освободительное движение казахского народа 1837-1847 годов в зарубежной историографии (2-я половина XX века) // Интернет-ресурс: <https://articlekz.com/article/18062>.

Мажитов С.Ф. Историческая наука Казахстана: современное состояние и тенденции развития: Монография. Алматы: Ассоциация издателей и книготорговцев Казахстана, 2013. 262 с.

Мажитов С.Ф. Проблемы истории, теории и историографии народно-освободительного движения XVIII - начала XX вв. в Казахстане: Монография. Алматы: Мектеп, 2007. 350 с.

Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. Алматы: Атамұра, 2003. 192 б.

Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 2003. 278 б.

Тұрлығұл Т., Жолдасбаев С., Қожакеева Л. Қазақстан тарихы. Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. / Арнайы редакторы С.Ф. Мажитов. Алматы: «Мектеп», 2007. 192 б.

## References

Bekmahanov E.B. Kazakstan XIX gasyrdyn 20-40 zhyldarynda [Kazakhstan in the 20-40s of the XIX century] Almaty: «Sanat», 1994. [in Kazakh].

Esmagambetov K.L. Chto pisali o nas na Zapade? [What did the West write about us?] Alma-Ata: «Qazaq universiteti», 1992. 126 p. [in Russian].

Zholdasbaev S. Kazakstan tarihy: Zhalpy bilim beretin mekteptin zharatylystanu-matematika bagytyndagy 10-synybyna arnalgan okulyk. [History of Kazakhstan: A textbook for the 10th grade of general education school in the field of physics and mathematics] / Arnajy redaktory S.F. Mazhitov. Almaty: «Mektep», 2006. 192 p. [in Kazakh].

Zholdasbaev S. Istoriya Kazahstana: Uchebnik dlya 10 klassov estestvenno-matematicheskogo napravleniya obshcheobrazovatel'nyh shkol. [History of Kazakhstan: Textbook for 10 grades of natural and mathematical direction of secondary schools] / Special'nyj redaktor S.F. Mazhitov. Almaty: «Mektep», 2006. 192 p. [in Russian].

Kan G.V. Istoriya Kazahstana: Uchebnik dlya 10 klassov, 4-e izd., pererab. i dop. [History of Kazakhstan: Textbook for grades 10, 4th ed., reprint. and add.] Almaty: “Almaty kitap”, 2011. 312 p.

Kusainova ZH.D. Nacionalno-osvoboditelnoe dvizhenie kazahskogo naroda 1837-1847 godov v zarubezhnoj istoriografii (2-ya polovina XX veka), [National liberation movement of the Kazakh people of 1837-1847 in foreign historiography (2nd half of the 20th century)] // Internet-resurs: <https://articlekz.com/article/18062>. [in Russian].

Karibaev S.O., Bolysbaev D.S. 1916 zhylygy ult-azattyk kozgalystyn ozekti maseleleri. Kazakstannyn tauelsizdiginin 25 zhyldygy men 1916 zhylygy ult-azattykq ozgalystyn 100 zhyldygyna arnalgan «Kazak halhynyn Tauelsizdik zholyndagy ult-azattyk kurestery» atty ajmaktyk gylymi-tazhiribelik konferenciya enbekteri. Shymkent: M. Auezov atyndagy OKMU [Current issues of the national liberation movement of 1916. “National liberation struggle of the Kazakh people for independence” dedicated to the 25th anniversary of Kazakhstan’s independence and the 100th anniversary of the national liberation movement of 1916.] Shymkent: SKSU named after M. Auezov, 2016. 3 p. [in Kazakh].

Kozybaev M., Nurpeis K., Zhukeshev K. Istoriya Kazahstana (1914-2004 gg.): Uchebnik dlya 9 klassov obshcheobrazovatel'nyh shkol. [History of Kazakhstan (1914-2004): Textbook for 9th grade obshcheobrazovatel'nyh schools] / Special'nyj redaktor S.F. Mazhitov. – Almaty: «Mektep», 2005. 240 p. [in Russian].

Kazaq koterilisteri: Enciklopediya. [Encyclopedia of Kazakh uprisings] / Bas red. B.O. Zhakyp. Almaty: «Qazaq enciklopediyasy», 2014. 279 p. [in Kazakh].

Kazakstan tarihy: Zhalpy bilim beretin mekteptinqogamdyq-gumanitarlyk bagytyndagy 10-synybyna arnalgan okulyk. [History of Kazakhstan: A textbook for the 10th grade of general education school in the field of social sciences and humanities] / A. Toleubaev, Zh. Kasymbaev, M. Kojgeldiev, t.b. / Arnajy redaktory S.F. Mazhitov. Almaty: «Mektep», 2006. 232 p. [in Kazakh].

Kazakstan tarihy: Asa manyzdy kezenderi men gylymi maseleleri. Zhalpy bilim beretin mekteptin qogamdyq-gumanitarlyk bagytyndagy 11-synybyna arnalgan okulyk. [History of Kazakhstan: The most important periods and scientific issues. A textbook for the 11th grade of general education school in the field of social sciences and humanities] / M. Koigeldiev, A. Toleubaev, Zh. Kasymbaev, t.b. / Arnajy redaktory S.F. Mazhitov. Almaty: «Mektep», 2007. 304 p. [in Kazakh].

Kozybaev M. Zhauga shaptym, tu bailap. [I attacked the enemy and tied the flag] Almaty: Kazakstan, 1994. 192 p.

Kozybaev Manash. Kieli tauelsizdik. [Sacred independence] / compiled. M. Kozybaev. Almaty: Baspalar yji, 2009. 448 p. [in Kazakh].

Kozybaev Manash. Shygarmalary. [Works] Almaty: «Kazak enciklopediyasy», 2013. T.3. 281 p. [in Kazakh].

Kasymbaev Zh. Kazakstan tarihy (XVIII g. – 1914 zh.): Zhalpy bilim beretin mekteptin 8-synybyna arnalgan okulyk. [History of Kazakhstan [XVIII century - 1914]: A school for the 8th grade of Zhalpy secondary school] / Arnajy redaktory S.F. Mazhitov. Almaty: «Mektep», 2004. 248 p. [in Kazakh].

Mazhitov S.F. Istoricheskaya nauka Kazahstana: sovremennoe sostoyanie i tendencii razvitiya: Monografiya. [Historical science of Kazakhstan: modern state and development trends: Monograph] Almaty: Associaciya izdatelej i knigorasprostranitelej Kazahstana, 2013. 262 p. [in Russian].

Mazhitov S.F. Problemy istorii, teorii i istoriografii narodno-osvoboditel'nogo dvizheniya XVIII - nachala XX vv. v Kazahstane: Monografiya. [Problems of History, Theory and Historiography of the People’s Liberation Movement KVIII - early XX centuries. in Kazakhstan: Monograph] Almaty: Mektep, 2007. 350 p. [in Russian].

Nazarbaev N.A. Tauelsizdik belesteri. [Aspects of independence] Almaty: Atamura, 2003. 192 p. [in Kazakh].

Nazarbaev N.A. Tarih tolkynynda. [In the tide of history] Almaty: Atamura, 2003. 278 p. [in Kazakh].

Turlygul T., Zholdasbaev S., Kozhakeeva L. Kazakstan tarihy. Asa manyzdy kezenderi men gylymi maseleleri: Zhalpy bilim beretin mekteptin zharatylystanu-matematika bagytyndagy 11-synybyna arnalgan okulyk. [History of Kazakhstan. The most important periods and scientific problems: The textbook for the 11th grade of the school of general education in the field of physics and mathematics] / Arnajy redaktory S.F. Mazhitov. Almaty: «Mektep», 2007. 192 p. [in Kazakh].

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ  
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

- Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.  
А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ  
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК  
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ (ОЧЕРКТИҢ І БӨЛІМІ БОЙЫНША).....5
- Нартбаев Ш.Ж., Қабыл А.Ә., Мамраймов С.Д.  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР)  
ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....16
- Мақсұтова А.Ә., Кумеков Б.Е., Апашева С.  
М.Х. ДУЛАТИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ»  
ЕҢБЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДА.....26

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ  
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ  
MEDIEVAL HISTORY**

- Уткирбай Ағатай  
КОПЬЯ И ПИКИ ПОЗДНЕСРЕДНЕВЕКОВЫХ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ  
(ПО МАТЕРИАЛАМ ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА КАЗАХОВ (НОГАЙЛИНСКИЙ ЦИКЛ).....36
- Маргулан А.С.  
АНАЛИЗ ВОСТОЧНЫХ ЛЕТОПИСЕЙ XIV-XVI ВВ.  
ПО ГЕНЕАЛОГИИ ЧИНГИСХАНА И ЭМИРА ТИМУРА.....45
- Кутулуков Ш.П.  
ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВА  
КОЧЕВЫХ УЗБЕКОВ В КОНТЕКСТЕ КОНСТРУКТИВИЗМА.....56
- Лапин Н.С.  
СУЛТАН УРАЗ-МУХАММЕД И КАЗАХСКО-РУССКИЕ ПОСОЛЬСКИЕ  
СВЯЗИ В КОНЦЕ XVI В. (ПО МАТЕРИАЛАМ РҒАДА).....65

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ  
НОВАЯ ИСТОРИЯ  
NEW HISTORY**

- Torlanbayeva K.  
COLONIAL RUSSIA'S POLICY TOWARDS ISLAM IN KAZAKHSTAN  
(BASED ON THE MATERIALS OF THE ORENBURG STATE ARCHIVE).....76
- Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев А.А.  
ЖӨҢГІР ХАН: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ БЕТТЕРІ.....81
- Әпендиев Т.Ә.  
ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ.....91
- Kaumen D.I., Sadykov T.S., Maxutova A.A.  
NATIONAL HUMAN CAPITAL IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING  
OF THE XX CENTURY: STUDY OF THE ACTIVITIES OF THE ALASH INTELLIGENCE.....99

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ  
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА  
SOVIET PERIOD HISTORY**

Кабульдинов З.Е., Оралова А.А., Тылахметова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ С. САДУАКАСОВА.....	107
Капаева А.Т. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫ.....	117
Мусағалиева А.С. ЧИСТКА КОЛХОЗОВ ОТ «БАЙСКО-КУЛАЦКОГО ЭЛЕМЕНТА...»: РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТЕЛЬМАНОВСКОМ РАЙОНЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1932-1933 ГГ.....	125
Мұқтар Ә.Қ., Ахметова У., Жумабаев А. ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.).....	136
Қозыбаева М.М., Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	149
Хайдаров Е.Е. ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.).....	157
Конкабаева А.Н., Мурзаходжаев К.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В 1921-1922 ГОДАХ: В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ И ПИСЬМЕННЫХ МАТЕРИАЛАХ.....	166
Мухамбетғалиева А.К. ПЕНСИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946-1953).....	172
Аманбекова Н.Д., Бакирова Ж.С. 1925-1991 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	182

**САЯСИ ТАРИХ  
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ  
POLITICAL HISTORY**

Борбасов С.М., Жүнісова Б.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
---	-----

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ  
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ  
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А. АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОЙМЫШТЫ ТАС МӨРЛЕРІ.....	204
Тұяқбаев М.Қ., Түрсүн Х.М., Исаев М.С., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ.....	213
Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПОСЕЛЕНИЕ БАЛАНДЫ.....	222



Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.  
ФЕНОМЕН ОСЕДЛОЙ КУЛЬТУРЫ В КОЧЕВОЙ СРЕДЕ  
(НА ПРИМЕРЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ГОРОДИЩА АКТОБЕ).....230

Имярова З.С., Джон А.А.  
ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ СРЕДЫ НА ТРАДИЦИОННУЮ  
КУЛЬТУРУ КИТАЙСКИХ МУСУЛЬМАН (ДУНГАН) В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....239

**ЕСКЕ АЛУ  
ПАМЯТЬ  
MEMORY**

Мұқаметханұлы Н.  
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - ТӘУЕЛСІЗДІК САНАНЫҢ ЖАРШЫСЫ  
(ҒАЛЫМНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА).....248

Алимгазинов К.Ш.  
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ВКЛАД Б.М. СУЖИКОВА В РАЗВИТИЕ  
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ НАУКИ (К 70-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ УЧЕНОГО).....252

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР  
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ  
SCIENTIFIC LIFE**

ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПО ВРУЧЕНИЮ НАГРАД – ОСНОВОПОЛОЖНИКУ  
АНТРОПОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ОРАЗАКУ ИСМАГУЛОВУ  
И ВИДНОМУ АНТРОПОЛОГУ АЙНАГУЛЬ ИСМАГУЛОВОЙ.....256

Әлімғазы Дәулетхан  
АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ.....258

**Басуға 23.12.2021 қол қойылды**  
Шартты баспа табағы –12,5  
Офсеттік басылым  
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»  
журналының редакциясында басылды